

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 299 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 28 маусымдағы N 810. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру, экспортты ынталандыру, отандық тауар өндірушілерді қолдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Қырғызстан Республикасының арасындағы Кедендік одақтық шеңберінде сыртқы экономикалық қызметті реттеудің заң және нормативтік базасын бірегейлендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әкетілетін тауарларға кеден бажының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 299 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 11, 84-бап) мынадай өзгерту енгізілсін:

бидайдың басқа түрлерін қоспағанда (СЭҚ ТН коды 1001 90) сыртқа шығарылатын тауарларға экспорттық кеден бажы салынбасын.

2. Осы қаулы 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі